


КӨРІМ  
АЙНАБЕКОВ



Түнгіліш  
күтап

КӘРІМ  
АЙНАБЕКОВ



*Тұғыш*  
*көтөп*

ӨЛЕНДЕР

«Жалын» баспасы  
Алматы — 1977 жыл.

Айнабеков Кәрім.  
А-31 Тұңғыш кітап. Өлеңдер. Алматы,  
«Жалын», 1977.  
32 бет.

Торғайлық Кәрім Айнабековтың тұңғыш кітабындағы өлеңдер замандағы, жасампаз дәуір, жастиқ, махаббат, ерлік, достық жайлы сыр шертеді.

Каз. 2

ИБ № 172

у  $\frac{70303-157}{408(07)77}$  141—77

© «Жалын» баспасы — 1977

ଶ୍ରୀମଦ୍ଭଗବତ

*Бұл кітабым  
анам Айзатдаға ескерткіш*

A s T o p.

三

Тірліктің жолы бұралаң  
Болғанмен тауы, тасы бар,  
Кеудемде менің мың алан,  
Сезімдер бурқап, шашылар.

Ұмытып кейде өзімді,  
Сұнқар боп үшып қиянға,  
Төменге қадап көзімді,  
Беріліп журем қиялға.

Сэттерім менің баршылық,  
Кайғыға кейде малынған.  
Камалап келіп таршылық,  
Камалым сансыз алынған.

Эйткенмен күннің шуағын,  
Жанымда шипа дәрү ғып.

Адалдық болып тұрағым,  
Сенімді келем қаруғын.

\* \* \*

Канша ғұмыр жасарымды білем бе,  
Үйімде жок жасау-жиһаз, кілем де.  
Бірте-бірте сызаттанған түсті әжім,  
Ақ арулар сұктанатын реңге.

Арман емес көп жасау да, баю да  
Жол бермеймін максатыншан таюға —  
Достарым бар — байлығым сол сарқылмас,  
Дастарқан ғып жанын мәңгі жаюға.

— 1 —

Кызғалдак жалау қыраттар сайын желбіреп,  
Береке, байлык, ризык, пейіл келді деп.  
Жарықтық көктем көгершіндерін шарлатты,  
Аккулар қонды айналып айна көлді кеп.

Кеудемнен менің үшпасын бугін «күй» негел—  
Сыбызы жаным малынып алау дүниеге.  
Терімді тәктім ырысым болып өнсін деп,  
Тандайы кепкен щілдеде.

## МЕНИҢ ШЫНДЫҒЫМ

Жұмысшымын, атом күшін мешгерген,  
Күт, береке, байлық тапқан шөлдерден.  
Құнғе жоны тілімденген даланы,  
Саялы етіп, құла күзге өң берген.

Кен жайлауда мал күзеткен қойшымын,  
Калаларды жалғастырған жолшымын.  
Тыныштықтың туы менің колымда,  
Көкірегімде дүние жазы — өршіл үн!

Макташымын, «әк алтынды» теретін,  
Диқаншымын мол өнімді беретін.  
Емеспін мен соғыскұмар қаракшы,  
Тұн жамылып, құзғын болып төнетін.

Сол құзғынды ататұғын аңшымын,  
Тіл үйіріп бал беретін балшымын.  
Миллиондаған жұмысшының бірімін  
Осы менің құлдірстім — бар шыным.



\* \* \*

Уа, достар, зеңгір көктен салбырап,  
Тұстік пе біз, жігіт болып балбырап.  
«Жок» дейсіндер!

кейде біздер неліктен,  
Аналарды қынжылтамыз ал, бірақ?..

Бізге аналар қаншама еңбек етпеді,  
Адам болып, максатына жет деді.  
Аналарға кім тен келер тесесек,  
Ана!  
Ана — күн ғой шырқау көктегі.

Армандары кең әлеммен шектелген,  
Аналар ғой тұн үйқысын төрт бөлген.  
Аналар ғой өтсе дейтін жан балам,  
Сурінбестен «өмір» атты өткелден.

Біздер үшін мандай терін — тапқанын,  
Арнаймын деп, таңың қалай атқанын.  
Елейді ме ғазиз жандар, сірә да,  
Бейнетпенен күннің-дағы батқанын.

Біз сәбиміз аналардың алдында,  
Еркелейміз солар еккен шалғында.  
Аналарға бас иеміз әрқашан!  
Бас имейміз біздер қатал тағдырға.

\* \* \*

Өмір теніз, дәуір атты кемеммен,  
Тірлігімді алға сүйреп келем мен.  
Шалқардағы шағаладай тынбаймын,  
Бар ғұмырым өтсе екен деп өлеңмен.

Келешегім күлімдейді нұр тұнған,  
Аярым жоқ жаз дидарлы жұртымнан.  
Адамдар ғой тарататын жылуын,  
Жұдырықтай жүрегіме бұлқынған.

Жылулары ғұмыр бойы маған құт,  
Айтқандарын шын ниетпен алам құп.  
Адамдардың бас-басына қашан да,  
Тілейтінім — махабbat пен амандық!



## ТІЛЕМЕЙМІЗ СОҒЫСТЫ

...Тұған жерін, іңгалаған бәлесін,  
Тұған елін, жас жұбайын, шешесін.  
Корлатпауға миллиондардың бірі бол  
Кеткен екен қан майданға көкешім.

Естімедім зенбіректің күркірін,  
Естімедім танктердің зіркілін.  
Мен білмедім ол күндерді аңшы бол,  
Адамдардың аңдитынын бір-бірін.

Кайғыменен талай адам зар қақты.  
Азаматты обыр соғыс жалмапты.  
Еске сактап жүретіндей бейнесін  
Жан әкемнің суреті де қалмапты.

Жарым көніл бір көруге күштар ма!—  
Бақытты едім балдақты әке қүшқандада.  
...Соғыс деген сөзді ұмытқым келеді  
Алаңда анау ак көгершін үшқандада.



## ҚЫЗЫЛОРДА

(баллада)

Кызылорда,

Кызылорда!

Кызың көп деп қыдыру боп ермегім

Кызық іздел келмедім.

Алып келген

Бір соқпағы тағдырдың.

Асфальтыңда әлде ізімді

Айқұш-үйқыш қалдырдым.

Аршимын деп күйкі тірлік батпағын,

Келдім саған!

Күрылсының аттаным.

Мен өзіңің ауыр-ауыр тастарының көтердім,

Мен өзіңің аспаныңа электрден от өрдім.

Мен өзінде жаздым алғаш, өмірімнің

дастанын,

Мен өзінде сапарымның жаңа жолын

бастаным.

\* \* \*

Кызылорда

Тамылжыған көктемде,

Күрылсыныңа кезіктім мен өткенге.

Экскаватор «жирафтың»

Болат тісті тұмсығы,

Омыртқасын күтірлетіп зираттың,

Алып шықты дұлығаны...

Тоғыз қабат тор сауыт...

Кайқы кылыш...

Ожауына жабысыпты алыптын.  
Көз жасындаң мөлтілдеген халықтын,  
Керде жатыр шіріп кеткен казына,  
Кұлак койдым ғасырлардың сазына...  
...Әрірек бір заман екен,  
Күннің көзін қып-қызыл өрт алады екен,  
Қап-қара аспан түнеріпті,  
Шан-тозаңдан ажыратып болмайды,  
Кімдер тірі...  
Кім өліпті...  
**Ат тұяғы**  
Жерде жатқан жай тастан,  
Шақпак шағып,  
Екі батыр айқасқан...  
Кімдер сонау, самсаған ат сары қолдар?  
Калмактар ма қаптай шапқан,  
Мүмкін олар мықыр атты МОНГОЛдар.  
Күнірентіп даланы,  
Жетім етіп баланы,  
Барады, әне  
Адам қанын былш-былш кешіп тұяқтары

Сар даланы бұл апаттан сактар кім?!

Жер астынан казып алдым сарайларды,

Шежіренді актардым...

Ақ мешіттер...

Ақ мешіттер...

Тарс жабылған Қайрымы жок,

Катты есіктер!

Сол бір жылдар сурлеуі емес елестің,

Тарих шындық  
Сүмдүк-сүмдүк  
Жасыра алмас оны ешкім!



Кызылорда  
Сені және ұлангайыр елімді.  
Аршып алған соры қалың таланин,  
Тіршілікке ұлы нұсқа — Ленинді,  
Күнде көрем алаңнан.



## ҚАМҚОРЫМ

Тірліктің жете алмай есебіне,  
Сұм соғыс созылар деп неше күнге,  
Бейхабар, әл-дәрменсіз жатқан сұлық,  
Жұпның жадағайлау төсегімде.

«Өзіңе ескерткішім — бесіктегім»  
Деп әкем қан майданда кесіп демін.  
Кеткенін айтып анам егіледі,  
Сактай гөр дегенін тек есітемін.

Басында дағарадай сәлдесі бар  
Молдасы, бақсы, балгер, кәлпесі бар.  
— Сфу! Талып кеттім...  
Ессізбін, жалғасты ма арбасулар.

Арайлап күн шығыстан ак таң атты  
Сонда да арман-тілек токтамапты.  
Басыма елес ажал тәнген шакта  
Келіп жеткен адамдар ак халатты.

Ақ халатты жүректер — ак дәрігер,  
Менің үшін қаншама бопты әбігер.  
Сүрай қалса анашым мактанышпен —  
Солар менің күлінімды сактады дер.



## ӨЛЕҢ

Өлең — шабыт құсы екен қиядағы,  
Өлең — менің жұлдызым көнілдегі.  
Ол мәлдір су әркімдер сусындастын,  
Ол мениң акку үшкан көлім еді.

Өлең — шабыт құсы екен қиядағы,  
Канатынан тамылжып күй ағады.  
Темір қанат, әлі жас үша алмай жур.  
Бейне өлеңім балапан үядағы.

## ЕГІНЖАЙДА

Бір үл келіп тіршілікке ак маңдай,  
Ауыл болып көкпар шауып жатқандай.  
Паң даладан шаң шығады түйдек боп,  
Нән төсіне ат тұяғы батқандай.

Сол тобырдан машиналар ағылып,  
Шалғыорактың күй дабылы қағылып.  
Күнді түнге айналдырып зулайды,  
Жашарлары жұлдыздарға шағылып.

Иә, солай, дән тасытып күз лебі,  
Бұрандайды егінжайлар — қыз белі.  
Сары белде жұбын жазбай шұбырған,  
Комбайндар — тырналардың тізбегі.



# **АҚЫН**

*Куандық Шаңғытбаевқа*

Эу бастан-ак інкәрмін де құштармъ.  
Эуеніне бұлбұл тектес құстардың.  
Куатымен сол сиқырлы үндердің,  
Канатымды қағып мен де үшқанмын.  
Табанымды қара тасқа үрғылап,  
Тіршілікте бір түрегеп, бір құлап.  
Гүл өмірге жүргенімде шөліркеп,  
Нұр қайнарын тосты маған жыр бұлак  
Сол кәусардың тамшысы бар сезімде,  
Бәлкім, айдын сағындырар кезінде.  
Аршып өтер тұнық сезім жатады,  
Белгісіз бір бастаулардың көзінде.

\* \* \*

Бірде тулап, жуасыр бірде, тегі,  
Жұдырықтай жүрегім — жыр мекені.  
Теренінде мөлдіреп жатқан шығар  
Маржан сезім — теретін сыр жете

Тіліменен мұбәрак аппак ардың,  
Бәрін-бәрін өзіне актарармын.  
Мадактармын, жыр етіп дүниеге  
Сені берген пәк сыйын бак-таланның.

Шаттанарсын сонда сен; тасыр күлкің,  
Сырып тастал қайғы мен ашу бұлтын.  
Сол бір шакта жаныңа жаз үялап,  
Ойдан өрге домалар тасың мүмкің.

Нұрға тұнар көнілім өзімнің де,  
Ақ сәулемен астасып сезім мұлде.  
Солай, жаным, әзірге жүре бер сен,  
Құлағыңа сырға ғып сәзімді іл де...

\* \* \*

Махаббаттың сезу үшін дәруін,  
Көрдің бе оның алай-дүлей дауылын.  
Кезіктің бе аптабы мен шөліне,  
Көктемгідей білдің бе сен жауынын?

Сүйіспендік күйдіреді шоғында,  
Кандай мәнсіз ғұмыр оның жоғында,

...Арман інім, құралайың сенің де,  
Кезікпегей бір бейбастақ оғына!

\* \* \*

Десем де, сәулем, сені түсінбедім,  
Елестеп неше дуркін түсіме ендің.  
О, менің, жүргегімнің шипагері,  
Өзіңсіз бітер емес ісім менің.

Аландал болам сені іздегендей,  
Кызық бар мені тартар түзде нендей.  
Жоктаймын ылғи сені жапырағын  
Жоралтқан күйін үрлап күзгі емендей.

\* \* \*

Кезеріп ернім бейне бір жатқан тың дала,  
Жүргенде дәйім койныма түнеп мұңғана.  
Бұлак бол жетіл сусындастың сен, сабағын  
Гүл армандарым қаулады дейсің ырғала.

Жалғай да алмай зәулім шындарға үмітін,  
Домбыра болсам шығатын жүдеу үні тым.  
Ак сүйрік сенің саусактарынмен түзеліп,  
Сайрап ем сол кез шаршауды білмей күні-түн.

Кыс өтті, міне, сен жоқсың еркін күлмедім,  
Анау бір акпан жадымда әлі жүр менің.  
Арнаңды менен өзгертіп аулак салсан да,  
Жанымда қалған назынмен сенің біргемін.

\* \* \*

Армысың, менің мандағым,  
Саумысың, таңдай дидарым.  
Бойыма біткен бар қайғым —  
Өзіңсің, ерке бүйдалым.

Жақсылық еді сыйларың,  
Көрмеп ең әсте түйіліп.  
Мен сені сансыз қинадым,  
Орынсыз босқа күйініп.

Жұлдыздардай көктегі,  
Жарасып шығар қайтадан.  
Кателік деген көп, тегі,  
Ұялмай қалай айта алам.

Кешіре білді барымды,  
Токтармын мен де бір күні.  
Тәрк ете көрме арымды,  
Куам деп өсек-тұлқіні.

Еңсенді ойлар басқандай,  
Ұйқысыз тұнде тітіреп.  
Найзағай құшқан аспандай  
Жауарсың бәлкім сіркіреп.

\* \* \*

Дидарың ай нұрымен шағылысып,  
Бір арман пәк көнілден алып үшіп,  
Биледің... Калдым ессіз әрі-сәрі,  
Жалт еткен жанарынцан жаңылысып.

Тағы да арбалып сән қимылынан,  
Кеудемде бұрқ-сарқ етті сырлы құман.  
Әлдилеп адалдықты, адамдықты,  
Құралдық жыр-дастан боп киғы мұнан.

Карсы алып сағынышты көктемдерді,  
Сезімге толтырдым мен от кеудемді.  
Назың сенің бұлак боп сусындатты,  
Көнілімді құлазыған көптен бергі.

\* \* \*

Жырларым бар — жанартау атылмаған,  
Күйлерім бар — сан бұрау тартылмаған.  
Тіке маған қараши ұққың келсе,  
Сырларым бар жанарда жалтылдаған.

Кезендерде демім бар сарқылмаған,  
Достар десе пейілім бар аңқылдаған.  
Танисың ба, алыстан естімісің,  
Зәу шағында үнім бар саңқылдаған.

Сағынышым өзіндік сарқылмаған,  
Сөз бе, тәйірі, сен жайлы қаңқу маған.  
Жүрегімде махаббат ұшқындары  
Найзағайдай бұлтсыз-ак жарқылдаған.

\* \* \*

Боянып даға, қызғалдақ шешек атқанда,  
Егілген қауын қылтынып шығып жатқанда,  
Көк тасты тілген мұзбалак, зәмзәм ақ бұлак,  
Асыр да салып ойнайды дейсің шатқалда.

Тау басын сүйіп таңғы нұр иек артқанда,  
Бозторғай көкте тіршілік гимн тартқанда,  
Тандырып естен табиғат-сынды аруды,  
Көкжиек асып алауы күннің батқанда.

Назарың ауып көрді ме сол шақ гүлдерге,  
Тұрдің бе құлак әуезді бұлбұл үндерге?!

Мен болсам жүрдім әрінен гүлдің сені іздең,  
Нұр іздең, тіпті, түнерген мылқау түндерде.

Басқаға емес өзіңе деген жанымен,  
Таусылған жокпын сол адап қалпым —  
бармын мен

\* \* \*

Сен дегенде жаным тыным тақан ба,  
Ұрынбады қашама рет акпанға.  
Бітіміңді қиялыммен тасқа ойып,  
Дидарыңды таластырдым ақ таңға.

Жүргімнің жеткізуғе сыйдырын,  
Сені іздең әлем кезген сыр-жырым.  
Мен құлқіңе араластырып сомдадым,  
Мөлдір таза бұлактардың сыйдырын.

Бұлбұлдардан сұрап сәған үн бердім,  
Тал бойына септім исін гүлдердің.  
Жалынына нәркес қара көзіңің,  
Үялаттым жұлдыздарын тұндердің.

Арманыма жетпеспін я жетермін,—  
Өзінді ойлап, өзінді аңсап өтермін.

\* \* \*

Томсырайып әлденеге гүл бағы,  
Нұр келбетін тұр жасырып күн-дағы.  
Тіршіліктің жасқайтындей отымен,  
Жарқылдайды бұлттың қара күндағы.

Әлсін-әлсін өрекпиді жел біткен,  
Нәр алғандай әлдекандай өрліктен.  
Казіргі сәт түнергендей бар маңай,  
Күні кеше көңілімді сергіткен.

Бір шеткейде тұнжырайды мұлғаш дәң,  
Сай-жыралар кеудесіне мұң бүккен.  
Туған жердің қандай тәтті түтіні,  
Көтерілген түшідікten...



## ЕГІЗ ЖОЛДАР

Мейлің үйде, мейлің шалғай тұзде де  
Тас мейірден ізгілікті іздеме.

\* \* \*

Кажетіңе ақылың жетпей жатқанда,  
Жұдырығың дәу болғанға макташба.

\* \* \*

Жүргімнің дүшпанымды жайрататын оғы бар,  
Ал достарды акпанды да жылыта алар  
шоғы бар.



## ӘКЕ

(Ұлы Отан соғысынан оралмаған әкем  
Ертаев Айнабекке)

Көрмедім, әке, жүзінді,  
Болмадым серік қасында...  
Іздедім жерде ізінді,  
Кеудемді тосып жасынға.

Өсsem де, міне, ес біліп,  
Естімей жылы сөзінді.  
Аңсаймын үнің естіліп,  
Тарқатар күнді тәзімді.

Бармысың, әке, жоқпысың,  
Хабарсыз кеттің, қимаймын,  
Көтеріп ұлың топшысын,  
Дүниеге мынау сыймаймын.

Беркінген, жаспын, селт етпе,  
Бар болсаң тірі, күрсінбе!  
Тыныштық тілеп жер-көкке,  
Соғысып әлі жүрсің бе?!

\* \* \*

Арманың болып алғы күн,  
Көніліңің күйін тыңдаттың.  
Көзге ерте түскен шалғыным,  
Мен сені сонша ұнаттым.

Мен сені соңша ұнаттым,  
Жасырын шықтым белдерге.  
Өзімді-әзім жылаттым,  
Оңаша қалған кездерде.

Мұныма құлак түрдің де,  
Алаң бол өтті әр күнің.  
Күздегі талмын бұл күнде,  
Кебірсіп жатқан тандырым.

Құргады тағы таңдайым,  
Тілейді сенен бұлакты.  
Жарқылда жүрсін маңдайым,  
Көзіңің нұры сиякты.

\* \* \*

Мен біреуге көрінемін тұтін бол,  
Мен біреуге көрінемін бұтін бол.  
Қиялшылда азап барын білмейтін,  
Тентек те бар тілдейтін,  
Дұшпан да бар күндейтін.  
Достарым бар нұр дейтін,  
Кездерім бар осыларды ойлаумен,  
Кірпігімді ілмейтін,  
Кездерім бар жүретүғын қойнаумен,  
Өсегі жок гулейтін.  
Кездерім бар күнді өткізер тойлаумен,  
Жақсы ортада маздағымды үрлейтін...  
Мен біреуге көрінемін тұтін бол,  
Мен біреуге көрінемін бұтін бол.